

Қала тарихында із қалдырған Моргуновтар

Раиль Давыдовна құдай қосқан қосағы Геннадий Ивановичпен 45 жыл отасты. Тағдыр оларды біздің қаламызда қосса керек. Ол кезде бұлар тың игеруге келген жап-жас жігіт пен бойжеткен болатын. Геннадий Иванович 1955 жылы Харьковтың теміржол транспорты техникумын бітірсе, ал Раиль Давыдовна осы техникумдағы оқуын бір жылдан соң тәмамдады.

Дипломы қолына тиген Раильге Екібастұзды үлкен көлі бар керемет сұлу жер деп таныстырған соң, ол еш ойланбастан Екібастұзға билет алады. Екібастұзға түнде келіп түскен Раиль, таңертең ешқандай көл жоқ екендігін көрді. Айнала сары дала мен салынбақшы

үйлердің іргетастары ғана.

Ол кездері басқа жақтан келгендерді мамандар үйіне орналастыратын. Міне, осы үйде Геннадий Иванович Раиль Давыдовнамен алғаш кездеседі.

Раильдің аспан түстес көк көздері бір қарағаннан-ақ жас жігіттің жүрегіне шок салды. Содан бері олар бірге.

Бір үйде тұратындықтан кездесуге алысқа барудың қажеті жоқ еді. Кешкілікте Жастар үйіне барып кино көріп қайтатын. 1957 жылы отау құрып, 3 бөлмелі пәтердің бір бөлмесіне қоныстанды. Тұрмыс ауыр болатын, қол ұшын беріп, көмек ететін туған-туыс



алыста. Жеке пәтер берілген шақта Моргуновтардың екі баласы болды. Геннадий Иванович бас кондуктор болып қызмет етті. Кейіннен оның қызметі өсіп,

партком хатшысы болып сайланды. Раиль Давыдовна: «Ол өте табанды адам болатын» деп еске алады. 70-жылдары әйелі екеуі де жоғарғы оқу орнына түседі. Геннадий Иванович Свердловск тау-кен институтын сырттай оқып, тау-кен инженері мамандығын алып шығады. Осы мамандығы бойынша 1991 жылға дейін еңбек етті. Содан соң «Екібастұзкөмір» бірлестігіне жобалау-құрастыру бюросының бастығы болып тағайындалады. Соңғы жылдары «Северный» кенішінің күрелі жөндеу құрылысы және даму қызметінде бас инженердің орынбасары қызметін атқарды.

«Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған Геннадий Иванович - «Шахтер даңқы» орденінің толық иегері.

Г.И.Моргуновтың бақилық болғанына да үш жыл толды. Ол қала тарихында өзіндік із қалдырды.

Наталья Скосарева